

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық Қоғамдастық (бұдан әрі қоғамдастық) Қазақстан Республикасы мен қоғамдастық арасындағы болаттан жасалған бұйымдардың саудасын ұйымдасқан түрде және әділ дамытуға жәрдемдесуге ұмтылатын фактісін назарға ала отырып;

ӘЫК 17 (1) бабы болаттан жасалған белгілі бір бұйымдардың (яғни, бұрынғы бұдан әрі ЕКББ деп аталатын Еуропалық көмір және болат жөніндегі бірлестіктің болаттан жасалған бұйымдармен) саудасы оның 11-бабын және Келісімнің ережелерін қоспағанда, ӘЫК, III бөлімімен реттелетіндігін көздейтін фактісін назарға ала отырып; осы Келісім ӘЫК 17 (1) бабының мағынасы бойынша Келісім болып табылатын фактісін назарға ала отырып;

2000-2006 жылдары болаттан жасалған белгілі бір бұйымдардың саудасы Тараптар арасындағы қатынастардың одан әрі дамуын ескеретін осы Келісіммен ауыстыру қажет Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық Қоғамдастық арасындағы 2005 жылғы 19 шілдедегі Болаттан жасалатын белгілі бір бұйымдармен сауда жөнінде келісімнің мәні болған фактісін назарға ала отырып;

осы Келісім болаттан жасалған белгілі бір бұйымдардың саудасындағы белгілі бір шарттарды сақтаған жағдайда, атап айтқанда осы Келісім қамтитын болаттан жасалған бұйымдарға қатысты тиісті бәсекелестік жағдай жасалғанда, сандық шектеулерді жоюға мүмкіндік беретін негіз жасауға арналғандық фактісін назарға ала отырып;

осы Келісім ӘЫК 17 (2) бабында көзделгендей Байланыс тобы шеңберінде тиісті ақпарат алмасуды қоса алғанда, олардың болат құю өнеркәсібіне қатысты Тараптардың ынтымақтастығымен қатар жүруі тиіс мыналар туралы келісті:

1-бап

1. Осы Келісім болаттан жасалған бұйымдардың саудасына (бұрынғы ЕКББ) қолданылады.

2. Осы Келісімге 1-қосымшада келтірілген болаттан жасалған бұйымдардың саудасы сандық шектеулердің мәні болады.

3. Осы Келісімге 1-қосымшаға енгізілмеген болаттан жасалған бұйымдардың саудасы сандық шектеулерге ұшырамайды.

4. Осы Келісім қамтымайтын Болаттан жасалған бұйымдармен болатын және талқылау мәні пайда болған жағдайларда ӘЫК-нің тиісті шарттары қолданылады.

2-бап

1. Тараптар осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген бұйымдар үшін осы Келісімге 2-қосымшада айқындалғандай әрбір күнтізбелік жылда қоғамдастық елдеріне қазақстандық экспортқа сандық шектеулер белгілейді және сақтайды. Мұндай экспорт осы Келісімге А хаттамаға сәйкес қос бақылауға жатады.

2. Тараптар ұқсас бәсекелестік жағдайларды орнатқан кезде осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген болаттан жасалған бұйымдарға қатысты сауданы толық ырықтандыруға қол жеткізу жөніндегі өзінің міндеттемелерін растайды.

3. Сандық шектеулерге, кеден баждарына, алымдарға және Еуропалық

Қоғамдастықтың құрамалы номенклатурасына сәйкес 7204 позициясында жіктелетін металл сынығының және қара металл қалдықтарының экспортына қатысты тең әсері бар басқа да шараларға Тараптар арасында тыйым салынған.

4. Тараптар 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап осы Келісімнің күшіне енуіне дейін осы Келісімге 1-қосымшаға енгізілген бұйымдардың Қазақстан Республикасынан қоғамдастыққа импорты 2-қосымшада жазылған сандық шектеулерден шегеріліп т а с т а л у ы т и і с д е п к е л і с т і .

5. Осы Келісімге 2-қосымшада көрсетілген көлемнен асып кеткен импортты жүзеге асыруға қоғамдастықтың өнеркәсібі ішкі сұранысты қанағаттандыра алмаған жағдайда жол беріледі, ол осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген, қандай да болмасын бір немесе бірнеше бұйымдардың жеткіліксіз жеткізілімін жүзеге асыруға әкеледі. Кез келген Тараптың өтініші бойынша жетіспеушілік деңгейін анықтау мақсатында объективті деректер негізінде шұғыл консультациялар өткізіледі. Консультациялар қорытындыларынан кейін, сондай-ақ оларды негізге ала отырып, қоғамдастық осы Келісімге 2-қосымшада көрсетілген санды ұлғайту үшін өзінің ішкі рәсімдерін енгізеді.

6. Егер Еуропалық Одаққа мүшелікке үміткер елдер осы Келісімнің қолданысы тоқтатылғанға дейін қосылса, Тараптар 2-қосымшада жазылған сандық шектеулерді а р т т ы р у м ү м к і н д і г і н қ а р а й д ы .

7. Әр тарап кез келген уақытта мыналарға: 1-қосымшада көрсетілген болаттан жасалған бұйымдарға қатысты жағдайлар едәуір нашарлаған немесе жақсарған жағдайда, осы Келісімге 2-қосымшада жазылған сандық шектеулер деңгейлеріне;

сандарды толық пайдаланылмаған бұйымдар топтарынан басқа топтарға ауыстыру мүмкіндігіне қатысты консультация сұрап жүгіне алады.

3-бап

1. Осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген болаттан жасалған бұйымдарды еркін айналым үшін қоғамдастықтың кеден аумағына әкелу Қазақстан Республикасының құзыретті органдары берген экспорттық лицензия және осы Келісімге А хаттаманың ережелеріне сәйкес шығу сертификатының негізінде мүше елдің құзыретті органы импортқа берген рұқсатты ұсынған жағдайда жүзеге асырылады.

2. Осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген болаттан жасалған бұйымдарды қоғамдастықтың кеден аумағына әкелу, олар сол күйінде немесе қоғамдастықта бар әкімшілік бақылау жүйесі шеңберінде қайта өңдегеннен кейін қоғамдастықтан тысқары жерлерге кері экспортқа арналған декларацияда көрсетілген жағдайда, 2-қосымшада көрсетілген сандық шектеулерге ұшырамауы тиіс.

3. Осы Келісімге 2-қосымшада көрсетілген бір күнтізбелік жыл ішінде жұмсалмаған кейінгі күнтізбелік жылға арналған сандық шектеулер көлемдерінің тиісті сандық

шектеулерінің өтпелі қоры олардың жыл ішіндегі пайдаланылмаған тиісті сандық шектеуінің 10%-на дейін құрауы мүмкін. Қазақстан Республикасы өзінің осы ережені пайдалану ниеті туралы келесі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей қоғамдастықты х а б а р д а р е т у г е т и і с .

4. Бұйымдардың белгілі бір тобына сандық шектеу екі Тараптың келісуімен күнтізбелік жыл ішінде бір рет бұйымдардың белгілі бір тобы бойынша тиісті сандық шектеуден 10%-ға дейін қайта қаралуы мүмкін. Қазақстан Республикасы осы ережені қолдану ниеті туралы 1 мамырдан кешіктірмей қоғамдастықты хабардар етуге тиіс.

4-бап

1. Қос бақылау жүйесін неғұрлым тиімді жүргізу және теріс пайдалану мен бұзушылықты болдырмау мақсатында:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары алдыңғы айда берілген, экспортқа арналған лицензиялар туралы әр айдың 28-не дейін қоғамдастықтың тиісті құзыретті органдарын хабардар етеді;

қоғамдастықтың билік органдары алдыңғы айда берілген, импортқа арналған рұқсаттар туралы әр айдың 28 күніне Қазақстан Республикасының құзыретті органдарын хабардар етеді.

Мұндай ақпаратқа тартылған уақытша факторларды ескере отырып, қандай да бір елеулі ауытқушылықтар болған жағдайда Тараптардың әрқайсысы кідіріссіз ұсынылуы тиіс консультация сұрап жүгіне алады.

2. Екі Тарап осы баптың 1-тармағына залал келтірместен және осы Келісімнің тиімді қолданысын қамтамасыз ету мақсатында қайта жіберген, бағыт өзгерген, шыққан елі немесе жері туралы жалған мәлімдеу, құжаттарды қолдан жасау, тауарлардың санына немесе жіктелуіне қатысты жалған мәлімдеу кезіндегі бұзушылықтарға қарсы немесе қандай да бір өзге де жағдайларға қарсы барлық қажетті құқықтық немесе әкімшілік шараларды қолдануға, оларды болдырмау, тергеу жөнінде барлық қажетті шараларды қабылдауға келіседі. Тиісінше Тараптар тиісті экспорттаушыларға және/немесе импорттаушыларға міндетті жауапкершілік шараларды қамтитын, бұзушылықтарға қарсы осындай тиімді іс-қимылдар жасауға рұқсат ететін қажетті құқықтық ережелер және әкімшілік рәсімдер белгілеуге келіседі.

3. Егер Тараптардың қайсыбірі өзінде бар ақпарат негізінде осы Келісім бұзылған деп санаса, Тарап екінші Тараптан еш кідіріссіз жүргізілуі тиіс консультация талап етуі м ү м к і н .

4. Осы баптың 3-тармағында аталған консультациялардың нәтижелерін күте отырып және қоғамдастықтың талап етуі бойынша, сондай-ақ жеткілікті дәлелдер ұсынылған кезде Қазақстан Республикасы осы консультациялар нәтижесінде туындауы мүмкін сандық шектеулердің кез келген өзгерістерін осы баптың 3-тармағына сәйкес

консультацияға сұрау салу жасалған күнтізбелік жылға немесе егер осы күнтізбелік жылға лимит таусылғанда, келесі жылға енгізілуін қамтамасыз етеді.

5. Егер, Тараптар осы баптың 3-тармағына сәйкес жүргізілген консультациялар барысында ортақ шешімге келе алмаса, осы Келісімде қамтылған, Қазақстан Республикасынан шығатын болаттан жасалған бұйымдар осы Келісімді бұза отырып импортталғандығының жеткілікті дәлелі болған кезде, қоғамдастықтың тиісті санды 2-қосымшада көрсетілген сандық шектеулер есебіне қосып есептеуге құқығы бар.

6. Егер Тараптар осы баптың 3-тармағына сәйкес консультациялар барысында ортақ шешімге келе алмаса, сан немесе жіктелуі туралы жалған мәлімдеу болғандығын көрсететін жеткілікті дәлел болған жағдайда, қоғамдастықтың осы бұйымдар импортынан бас тартуға құқығы бар.

7. Тараптар осы Келісімнің бұзылуы салдарынан туындайтын барлық проблемаларды болдырмау және тиімді шешу үшін тығыз ынтымақтасуға келіседі.

5-бап

1. Осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген болаттан жасалған бұйымдарды қоғамдастық импортына осы Келісімге 2-қосымшада көрсетілген сандық шектеулерді қоғамдастық өңірлік квоталарға бөлмеуге тиіс.

2. Тараптар қоғамдастыққа дәстүрлі сауда ағынында күтпеген және залал келтіретін өзгерістерді болдырмау мақсатында ынтымақтасуға тиіс. Дәстүрлі сауда ағынында күтпеген және залал келтіретін өзгерістер болған жағдайда (өңірлік шоғырлануды немесе дәстүрлі жеткізілімдерді жоғалтуды қоса алғанда) қоғамдастық туындаған проблеманы қанағаттанарлық шешу үшін консультация талап етуге құқығы бар. Мұндай консультациялар дереу жүргізілуге тиіс.

3. Қазақстан Республикасы осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген болаттан жасалған бұйымдардың қоғамдастыққа экспорты бір жыл ішінде мейлінше тең қалыпты жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге ықпал етеді. Импорттың күтпеген және қолайсыз тез өсімі пайда болған жағдайда қоғамдастық туындаған проблеманы шешу үшін консультация талап етуге құқығы бар. Мұндай консультациялар дереу жүргізіледі.

4. Осы баптың 3-тармағындағы міндеттемеге толықтыруда егер, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары берген лицензиялар бойынша болаттан жасалған бұйымдардың жылда қаралатын сандық шектеулерінің 90%-ын құраса, Тараптардың кез-келгені осы жылға сандық шектеулер туралы консультация сұратуы мүмкін. Мұндай консультациялар дереу жүргізілуге тиіс. Мұндай консультациялардың нәтижелерін күту кезінде осы лицензиялар бойынша бұйымдар саны осы Келісімге 2-

қосымшада көрсетілген саннан аспаған жағдайда Қазақстан Республикасының құзыретті органдары осы Келісімде қамтылған бұйымдар экспортына арналған лицензиялар беруді жалғастыруы мүмкін.

6-бап

1. Егер осы Келісімде қамтылған өнімнің қандай да бір түрі қоғамдастық елдеріндегі соған ұқсас өнім өндірушілер үшін елеулі залал әкелетін немесе әкелуі мүмкін жағдайларда Қазақстан Республикасынан қоғамдастыққа импортталса, қоғамдастық Қазақстан Республикасына екі Тарап үшін де қолайлы шешім табуға ұмтылу үшін толық көлемде тиісті ақпарат беруге тиіс. Тараптар консультацияларды д е р е у б а с т а у ғ а т и і с .

2. Егер, осы баптың 1-тармағында аталған консультациялар уақытында қоғамдастықтың консультацияларды бастау өтінішімен жүгінген күнінен бастап 30 күн ішінде келісімге қол жеткізудің сәті түспесе, қоғамдастық ӘЫК ережесіне сәйкес қорғау шараларына қатысты белгілі бір қадамдар жасау құқығын пайдалана алады.

3. Осы Келісімнің ережелеріне қарамастан ӘЫК-ның 13-бабы 6-тармағының ережелері қолданылатын болады.

7-бап

1. Осы Келісімде қамтылған бұйымдардың жіктемесі Қазақстан Республикасынан экспортталған кезде Қазақстан Республикасында қолданыстағы сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына негізделеді, ал қоғамдастыққа импорттау кезінде қоғамдастықтың тарифтік және статистикалық номенклатурасына (бұдан әрі - құрамалы номенклатура немесе ҚН) және оған кез келген түзетулерге негізделеді. Осы Келісімде немесе тауарлардың жіктемесі туралы кез келген шешімде қамтылған бұйымдарға қатысты қоғамдастықта қолданылатын ережелерге сәйкес ҚН-ға жасалған кез келген түзетудің осы Келісімге 2-қосымшада көрсетілген сандық шектеулерді қысқартуға мүмкіндік беретін күші болмауы тиіс.

2. Осы Келісімде қамтылған бұйымдардың шыққан жері қоғамдастықта қолданыстағы ережелерге сәйкес айқындалуға тиіс. Шыққан жері туралы осы ережелерге кез келген түзету Қазақстан Республикасына хабарлануы тиіс және осы Келісімге 2-қосымшада көрсетілген сандық шектеулерді өзгертуге мүмкіндік беретін әрекеті болмауы тиіс. Жоғарыда көрсетілген бұйымдардың шыққан жерін бақылау тәртібі осы Келісімге А хаттамада мазмұндалған.

8-бап

1. Тараптар осы Келісімнің 4 (1) бабына сәйкес экспортқа арналған лицензиялар мен импортқа арналған рұқсаттар туралы мерзімді ақпарат алысуға залалсыз, осы Келісімнің 3-бабына сай берілген, экспортқа арналған лицензиялар және импортқа арналған рұқсаттар мен осы бұйымдарға қатысты импорт пен экспорт туралы статистикалық деректерді қамтитын, осы ақпарат дайындалуы тиіс ең қысқа мерзімдерді ескере отырып, тиісті аралықта 1-қосымшада көрсетілген бұйымдарға қатысты барлық статистикалық ақпарат алмасуды жүргізуге келіседі.

2. Тараптардың әрқайсысы ақпарат беруде қандай да бір елеулі ауытқушылық болған жағдайда консультация алуға жүгіне алады.

9-бап

1. Консультациялар осы Келісімнің алдыңғы баптарында айтылған белгілі бір жағдайларға қатысты көзделген консультациялар туралы ережелерге залалсыз, Тараптардың кез келгенінің сұрау салуы бойынша осы Келісімді қолдану барысында туындайтын кез келген проблемалар жөнінде жүргізілуге тиіс. Кез келген консультация ынтымақтастық рухында және Тараптар арасындағы айырмашылықтарды реттеу ниетінде жүргізіледі.

2. Егер осы Келісім консультациялардың дереу жүргізілуін көздесе, Тараптар оларды жүргізу үшін барлық ақылға қонымды іс-қимылдарды қабылдайды.

3. Барлық басқа консультациялар мына ережелермен реттеледі:

Тараптардың кез келгені консультацияға сұрау салуы туралы екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге тиіс;

тиісті жағдайларда, ақылға қонымды мерзімдерде, сұрау салудан кейін мұндай консультациялардың себептерін негіздейтін есеп жіберілуі тиіс;

сұрау салу берілген күннен бастап бір ай ішінде консультациялар басталуы тиіс;

егер Тараптардың келісімі бойынша мерзім ұзартылмаса, консультациялар басталған күннен бастап бір ай ішінде өзара қолайлы шешім қабылдануы тиіс.

4. Осы Келісім Тараптарының келісімі бойынша арнайы қосымша консультациялар да жүргізілуі мүмкін.

10-бап

Екі Тарап болаттан жасалған бұйымдардың саудасын толық ырықтандыруға қол жеткізуді мақсат тұтады және бұл олардың арасындағы сауданы жылжытудың маңызды шарты болып табылатын, Тараптардың әрқайсының өз ішінде қолданатын бәсекелестік, мемлекеттік көмек пен қоршаған ортаны қорғау туралы ереже сыйымды болуы тиіс фактісін таниды. Осы мақсатта және Қазақстан Республикасы тарапынан сұрау салу негізінде қоғамдастық Қазақстан Республикасының қоғамдастық қабылдаған және қабылдайтындарымен үйлесімді заңнама ережелерін қабылдауға және

іске асыруға көмектесуі үшін техникалық жәрдем көрсетуге тиіс. Мұндай көмек екі Тарап келісуге тиіс жобаларда дәл айқындалатын болады және басқалардың ішінде олардың мақсаттарын, құралдары мен күнтізбелік мерзімдерін нақты айқындайды.

11-бап

1. Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 2007 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады және одан соң кейінгі бір жылдық кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады. Әрбір жылдық ұзарту кезінде осы Келісімге 2-қосымшада белгіленген сандық шектеулер 2,5%-ға ұлғаяды.

2. Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жазбаша түрде ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

3. Тараптардың кез келгені осы Келісімнің қолданысын екінші Тарапқа бұл туралы жазбаша түрде хабарлау жолымен тоқтата алады. Мұндай жағдайда оның қолданысы хабарламаны алған күннен бастап 6 ай өткен соң тоқтатылады, бұл ретте егер Тараптар өзгеше туралы келіспесе осы Келісімге 2-қосымшада белгіленген сандық шектеулері тоқтату күніне қарай тепе-тең азайтылады.

4. Егер Қазақстан Республикасы осы Келісімнің қолдану мерзімі өткенге дейін ДСҰ-ға қосылса, осы Келісім ДСҰ-ға қосылған күннен бастап тоқтатылады.

5. Тараптар алдыңғы баптарда көзделген консультациялар барысында өзара тиімді шешімге келе алмаған немесе Қазақстан Республикасынан осы Келісімге 1-қосымшада көрсетілген өнімдердің экспортына қатысты автономды квоталар жүйесін қайта енгізу үшін Тараптардың бірі осы Келісімді бұзатын жағдайларды қоса алғанда, қоғамдастық кез келген уақытта барлық қажетті шараларды қолдану құқығын сақтайды.

6. Осы Келісімге 1, 2-қосымшалар мен А хаттамасы оның ажырамас бөліктері
б о л ы п т а б ы л а д ы .

_____ қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ, болгар, чех, дат, голланд, ағылшын, эстон, фин, француз, неміс, грек, венгер, итальян, латыш, литва, мальта, польша, португал, румын, словак, словян, испан, швед, орыс тілдерінде жасалды, олардың әрқайсысының мәтінінің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының	Еуропалық Қоғамдастық
Үкіметі үшін	үшін
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Үкіметі	мен Еуропалық
арасындағы	Болаттан Қоғамдастық
	жасалған

белгілі бір бұйымдардың саудасы
жөніндегі келісімге
А Хаттама

1-тарау Жіктеме

1-бап

1. Қоғамдастықтың және Қазақстан Республикасының құзыретті органдары осы Келісімде қамтылған Қазақстан Республикасында қолданыстағы құрама номенклатураның (бұдан әрі - ҚН) және сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының (бұдан әрі - СЭҚ ТН) кез келген өзгерістері туралы тиісті Тарап оларды күшіне енгізген күнге дейін бір-біріне хабарлауға міндеттенеді.

2. Қоғамдастықтың және Қазақстан Республикасының құзыретті органдары бір-біріне осы Келісімде қамтылған бұйымдардың жіктемесіне қатысты кез келген шешімдер туралы олар қабылданған күннен бастап бір ай ішінде хабарлауға міндеттенеді.

Мұндай сипаттама :
осындай бұйымдардың сипаттамасын;
ҚН-ның және СЭҚ ТН-нің тиісті кодтарын;
осындай шешімді туындатқан себептерді қамтиды.

3. Егер, жіктеме туралы шешім Келісімде қамтылған кез келген бұйымды жіктеу практикасын өзгертуге әкеп соқтырса, қоғамдастықтың құзыретті органдары шешім күшіне енген күнге дейін 30 күн бұрын хабарлама ұсынады. Шешім күшіне енген күнге дейін жіберілген бұйымдар осындай тауарларды қоғамдастыққа импорттау үшін осындай күннен бастап 60 күн ішінде ұсыну шарты кезінде жіктеудің бұрынғы практикасына жатқызылуы жалғастырылады.

4. Егер, қоғамдастықтың Келісімде қамтылған кез келген бұйымды жіктеу практикасын өзгертуді туындатқан жіктеме шешімі сандық шектеулерге жататын санатқа қатысты болса, Тараптар Келісімнің 7 (1) бабындағы міндеттемелерді орындау мақсатында, Келісімнің 9 (3) бабында жазылған тәртіпке сәйкес консультациялар жүргізуге келіседі.

5. Қазақстан Республикасының және қоғамдастықтың құзыретті органдарының Келісімде қамтылған қоғамдастыққа әкелу сәтінде бұйымдардың жіктемесі мәселелері бойынша пікірлері ауытқыған жағдайда, жіктеме осындай бұйымдарды түпкі жіктеме туралы келісімге қол жеткізу мақсатында 9-бапқа сәйкес консультациялар жүргізгенге дейін қоғамдастық ұсынған көрсеткіштерге уақытша негізделуге тиіс.

2-тарау

Шыққан жері

2-бап

1. Қазақстан Республикасында өндірілген бұйымдар Келісімде көзделген уағдаластықтарға сәйкес қоғамдастықтағы экспорт туралы қоғамдастықтың қолданыстағы ережелеріне сай, осы хаттамаға қоса берілген нысанда қазақстандық шығу сертификатымен қоса жүреді.

2. Шығу сертификатын Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша мұндай бұйымдар Қазақстан Республикасында өндірілген деп саналуы мәселесі бойынша осы мақсаттарға өкілеттік берілген қазақстандық ұйымдар растайды.

3-бап

Шығу сертификаты экспорттаушының жазбаша түрде орындаған өтініші бойынша ғана немесе экспорттаушының, оның уәкілетті өкілінің жауапкершілігімен ғана шығарылады. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша осы мақсаттар үшін өкілеттік берілген қазақстандық ұйымдар сертификаттың тиісті түрде рәсімделуін қамтамасыз етеді және осы мақсат үшін кез келген қажетті құжаттамалық растауды талап етеді немесе олар қажет деп санаған кез келген тексеруді жүзеге асырады.

4-бап

Бұйымдардың импорты кезінде тиісті ресмиліктерді орындау үшін шығу сертификатында ұсынылған елеусіз өзгерістер мен кеден органдарына ұсынылған құжаттар арасындағы шамалы айырмашылықтарды айқындау сертификатта ұсынылған осыған байланысты деректерге қатысты күмән туғызбауы тиіс.

3-тарау

Сандық шектеулерге жататын бұйымдарға арналған қос бақылау жүйесі 1-бөлім Экспорттау 5-бап

Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдары осы Келісімге 2-қосымшада көрсетілген сандық шектеулер шегінде Келісімде қамтылған болаттан жасалған бұйымдардың барлық партиясын экспорттауға арналған лицензия береді.

6-бап

1. Экспортқа арналған лицензия осы хаттамаға қоса берілген нысанға сәйкес келуге және қоғамдастықтың кеден аумағына экспорттау үшін жарамды болуға тиіс.

2. Экспортқа арналған әрбір лицензия осындай бұйымдардың саны басқалардың ішінде Келісімге 2-қосымшада шешілмеген бұйым үшін белгіленген тиісті сандық шектеулердің есебіне жатқызылғанын растауы тиіс.

7-бап

Қоғамдастықтың құзыретті органдары экспортқа арналып бұрын берілген кез келген лицензияның жойылғаны немесе өзгергені туралы дереу хабардар етілуі тиіс.

8-бап

1. Егер экспортқа арналған лицензия осындай жөнелтуден кейін берілсе де, экспорт бұйымды жөнелту жүзеге асырылған бір жылға белгіленген сандық шектеулердің есебіне жатқызылады.

2. Осы баптың 1-тармағын қолдану мақсаты үшін тауарды жөнелту оны экспорттық көлікке тиеген сәттен бастап жүзеге асырылды деп есептеледі.

9-бап

Осы хаттаманың 11-бабын қолдану үшін экспортқа арналған лицензия лицензияда көрсетілген тауарлар жөнелтілген жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей беріледі.

2-бөлім

Импорттау 10-бап

Қоғамдастық елдерінде сандық шектеулерге ұшыраған болаттан жасалған бұйымдардың импортына рұқсат ету импортқа санкция берілген кезде жүргізілетін болады.

11-бап

1. Қоғамдастықтың құзыретті органдары осы хаттаманың 10-бабында көрсетілген импортқа рұқсатты импорттаушы экспортқа арналған тиісті лицензияның түпнұсқасын берген күннен бастап 10 күн ішінде береді.

2. Импортқа арналған рұқсат қоғамдастықтың кеден аумағына импорт үшін оларды шығарған күннен бастап төрт ай бойы күшінде болады.

3. Қоғамдастықтың құзыретті органдары экспортқа берілген тиісті лицензияны жойған кезде импортқа берілген рұқсаттың күшін жояды. Алайда, егер қоғамдастықтың құзыретті органдары экспортқа арналған лицензияның жойылғандығы туралы бұйымның қоғамдастықта еркін айналымына рұқсат беруден кейін ғана хабардар болса тиісті сан бұйымға қатысты белгіленген шектеулер есебіне есептеледі.

12-бап

Егер қоғамдастықтың құзыретті органдары Қазақстан Республикасының құзыретті органдары берген экспортқа арналған лицензияда көрсетілген жалпы санның осы Келісімге 2-қосымшада көрсетілген бұйымдар үшін белгіленген сандық шектеуден асып кеткендігін айқындаса, қоғамдастықтың құзыретті органдары сандық шектеулерге жататын мұндай бұйымдарға қатысты импортқа арналған рұқсатты одан әрі беруді тоқтата тұрады. Бұл жағдайда қоғамдастықтың құзыретті органдары Қазақстан Республикасының органдарына дереу хабарлайды және Келісімнің 9 (2) бабына сәйкес кешіктірмей консультациялар өткізеді.

4-тарау

Экспортқа арналған лицензиялар мен шығу сертификаттарының нысаны әрі оларды беру және қоғамдастықтағы экспортқа қатысты жалпы ережелер 13-бап

1. Экспортқа арналған лицензия мен шығу сертификаттары осындайлар ретінде мұқият белгіленген қосымша көшірмелерді қамтуы мүмкін. Олар ағылшын тілінде жасалады. Егер олар қолмен толтырылса, онда деректер сиямен және баспа әріптерімен ж а з ы л а д ы .

Құжаттың көлемі 210 x 297 мм болу керек. Пайдаланылатын қағаз ақ түсті, механикалық бүлінбеген және салмағы 25 г/м кем болмауы керек. Егер құжаттардың бірнеше көшірмесі болса, онда түпнұсқа болып саналатын тек бірінші дана арнайы бланкіде басылуы тиіс. Бұл көшірмеде»"түпнұсқа" деген, ал басқа көшірмелерінде»"көшірме" деген анық жазу болуы тиіс. Келісімнің ережелеріне сәйкес қоғамдастықта экспорттың мақсаттары үшін жарамдысы ретінде қоғамдастықтың құзыретті органдары тек түпнұсқаны ғана қабылдайды.

2. Әрбір құжаттың басылғанына немесе басылмағанына қарамастан ол сәйкестендірілетін белгілі бір стандартты сериялық нөмірі болуы тиіс.

Бұл нөмірлер мынадай элементтерді қамтиды:

экспорттаушы елді бірдейлендіретін яғни,
K Z = Қазақстан Республикасы;

кедендік тазалау жөніндегі қоғамдастыққа мүше мемлекеттің сәйкестігін бірдейлендіретін екі әріп, яғни:

	B E	=	Б е л ь г и я
	B G	=	Б о л г а р и я
C Z	=	Ч е х	Р е с п у б л и к а с ы
	D K	=	Д а н и я
	D E	=	Г е р м а н и я
	E E	=	Э с т о н и я
	E L	=	Г р е ц и я
	E S	=	И с п а н и я
	F R	=	Ф р а н ц и я
	I E	=	И р л а н д и я
	I T	=	И т а л и я
	C Y	=	К и п р
	L V	=	Л а т в и я
	L Y	=	Л и т в а
	L U	=	Л ю к с е м б у р г
	H U	=	В е н г р и я
	M T	=	М а л ь т а
N L	=	Н и д е р л а н д ы	
	A T	=	А в с т р и я
	P L	=	П о л ь ш а
	P T	=	П о р т у г а л и я
	R O	=	Р у м ы н и я
	S I	=	С л о в е н и я
	S K	=	С л о в а к и я
	F I	=	Ф и н л я н д и я
	S E	=	Ш в е ц и я

GB = Ұлыбритания,

жылдың соңғы санына сәйкес келетін жылды айқындайтын бір таңбалы сан,
м ы с а л ы 2 0 0 5 ж ы л ү ш і н » " 5 " ;

экспорттаушы елдің белгілі бір беруші органын айқындайтын 01-ден 99-ға дейінгі
е к і т а ң б а л ы н ө м і р ;

кедендік тазалау жөніндегі қоғамдастыққа мүше мемлекетке берілген бірте-бірте
өспелі 00001-ден 99999-ға дейінгі бес таңбалы нөмір.

14-бап

Экспортқа арналған лицензия мен шығу сертификаты оларға қатысты тауарлар
түсірілгеннен кейін берілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда оларда»өткенге қатысты
берілді»("issued retrospectively") деген жазу болуы керек.

15-бап

1. Экспортқа арналған лицензия немесе шығу сертификаты ұрланған, жоғалған немесе жойылған жағдайда экспорттаушы лицензия беруге өкілеттік берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығу сертификатын беруге өкілеттік берілген Қазақстан Республикасының ұйымдарына экспорттаушыда бар экспортқа арналған құжаттар негізінде тиісті телнұсқаны беру үшін өтініш жасай алады. Осындай жолмен берілген сертификаттың немесе лицензияның телнұсқасында телнұсқа ("duplicale") деген ж а з у б о л у ы т и і с .

2. Телнұсқада экспортқа арналған түпнұсқа лицензияның немесе алғашқы шығу сертификатының берілген күні көрсетілуі тиіс.

5-тарау

Өкімшілік ынтымақтастық 16-бап

Тараптар осы хаттаманың ережелерін орындау кезінде тығыз ынтымақтастықта болады. Осы мақсатта екі Тарап техникалық мәселелер бойынша ынтымақтастықты қоса алғанда, байланыстарға және пікір алмасуларға ықпал етеді.

17-бап

Осы хаттаманы дұрыс қолдануды қамтамасыз ету үшін Тараптар берілген экспортқа арналған лицензиялар мен шығу сертификаттарының шынайылығы мен ұқыптылығын немесе осы хаттамаға сәйкес жасалған кез келген мәлімдемелерді тексеру кезінде өзара көмек көрсетеді.

18-бап

Қазақстан Республикасы экспортқа арналған лицензиялар мен шығу сертификаттарын беруге және тексеруге өкілеттік берілген Қазақстан Республикасының құзыретті органдарының аттары мен мекен-жайларын олар пайдаланатын мөрлер және қолтаңба үлгілерімен қоса қоғамдастыққа (Еуропалық Комиссияға) жолдайды. Қазақстан Республикасы осындай ақпараттың кез келген өзгерісі туралы да қоғамдастыққа (Еуропалық Комиссияға) хабарлайды.

19-бап

1. Шығу сертификаттарын немесе экспортқа арналған лицензияларды кейіннен тексеру кез келген уақытта немесе қоғамдастықтың құзыретті органдары сертификаттың немесе лицензияның немесе тауарлардың күмәнді шығу тегіне қатысты ақпараттың дәлдігіне негізделген күмәні бар уақытта жүзеге асырылады.

2. Мұндай жағдайларда қоғамдастықтың құзыретті органдары, егер осындай тексеруді ақтайтын себептері қолайлы болса, оны көрсете отырып, шығу сертификатын немесе экспортқа арналған лицензияны немесе олардың көшірмесін Қазақстан Республикасының тиісті органдарына қайтарады. Шот-фактура жіберілген жағдайда, мұндай шот-фактура немесе оның көшірмесі сертификатқа немесе лицензияға немесе оның көшірмелеріне қоса жіберіледі. Құзыретті органдар сол сияқты жоғарыда аталған сертификаттағы немесе лицензиядағы мәліметтердің дұрыс еместігін дәлелдейтін кез келген алынған ақпаратты беруге тиіс.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері сол сияқты осы хаттаманың 2-бабында көзделген шығу сертификаттарын кейіннен тексерулерге де қолданылады.

4. Жоғарыдағы 1 және 2-тармақтарға сәйкес жүргізілген кейінгі тексерулердің нәтижелерін қоғамдастықтың құзыретті органдары тексеруден соң үш ай ішінде жібереді. Мұндай ақпаратта күмәнді сертификат, лицензия немесе мәлімдеме шын мәнінде экспортталған тауарға қатысты қолданылды ма, немесе Келісімде белгіленген уағдаластыққа орай сондай тауарлар экспортқа жіберілді ме солар көрсетілулері тиіс. Ақпаратта сол сияқты қоғамдастықтың талабы бойынша, атап айтқанда, тауардың анық шығу тегін толық айқындау үшін қажетті құжаттардың көшірмелері болуы тиіс.

Егер осындай тексерулер шығу сертификаттарын қолдануда жүйелі бұзушылықтарды айқындаса, қоғамдастық күмәнді бұйымдар импортын осы хаттаманың 2(1) бабының ережесіне жатқыза алады.

5. Шығу сертификаттарын кейіннен тексеру мақсатында сертификаттардың, экспортқа қатысты кез келген құжаттардың көшірмелері осы Келісім аяқталған күннен бастап бір жылдан кем емес уақытта Қазақстан Республикасының тиісті құзыретті органдарында сақталады.

6. Осы бапта көзделген кез келген уақытта тексеру тәртібі осындай тауарлардың еркін айналымына кедергі болмауы тиіс.

20-бап

1. Егер осы хаттаманың 19-бабында көрсетілген тексеру рәсімі немесе Қазақстан Республикасының немесе қоғамдастықтың құзыретті органдарында бар ақпарат Келісімнің ережелерін бұзатындығын көрсететін болса немесе көрсетсе, екі Тарап мұндай бұзушылықтың алдын алу үшін тиесілі кешіктіріусіз тығыз ынтымақтасатын болады.

2. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының тиісті органдары өз бастамасы

бойынша немесе қоғамдастықтың талап етуі бойынша тәртіпті сақтамайтын немесе бұзатын немесе қоғамдастықтың пікірі бойынша осы хаттаманы бұзатын операцияларға қатысты тиісті тергеулерді жүргізеді немесе ұйымдастырады. Қазақстан Республикасының құзыретті органдары қоғамдастықтың құзыретті органдарына, тауардың шығу тегін қоса алғанда, тәртіпті сақтамаудың немесе бұзушылықтың себебін анықтауға мүмкіндік беретін кез келген лайықты ақпаратты қоса алғанда осындай тексеру нәтижелерін жібереді.

3. Тараптардың келісімі бойынша қоғамдастық тағайындаған лауазымды тұлғалар осы баптың 2-тармағында көрсетілген тергеулер кезінде қатыса алады.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген ынтымақтастыққа сәйкес Қазақстан Республикасы мен қоғамдастықтың құзыретті органдары Келісім ережелерін сақтамауды немесе бұзушылықты болдырмау үшін қажетті Тараптардың кез келгені қажет деп санайтын кез келген ақпаратпен алмасады. Мұндай алмасу, атап айтқанда, егер күмәнді тауарлар олар қоғамдастыққа импортталғанға дейін Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдануы мүмкін деп санауға қоғамдастықтың негізделген себептері болса, Қазақстан Республикасы мен үшінші елдер арасындағы осы Келісімде көрсетілген бұйым түрлерінің саудасы туралы ақпаратты қамти алады. Бұл ақпарат қоғамдастықтың талабы бойынша қолда бар болса, барлық сәйкес құжаттардың көшірмелерін қамтуы мүмкін.

5. Егер жеткілікті айғақтар осы хаттаманың ережелерінің сақталмағандығын немесе бұзылғандығын көрсететін болса, Қазақстан Республикасының немесе қоғамдастықтың құзыретті органдары мұндай сақтаудың немесе бұзушылықтың алдын алу үшін кез келген қажетті шараларды қабылдауға келісе алады.

Келісілген хаттама

Осы Келісім контекстінде Тараптар мыналармен:

осы Келісімнің 4 (1) бабында көзделген ақпарат алмасуды орындау үшін Тараптар тұтастай қоғамдастыққа және оның мүше мемлекеттеріне өтініш бойынша осындай а қ п а р а т б е р у г е ;

осы Келісімнің 5 (2) бабында көзделген консультациялардың қанағаттанарлық нәтижесіне қол жеткізуді күтуде, егер бұл туралы қоғамдастық өтініш жасайтын болса, Қазақстан Республикасы дәстүрлі саудада күтпеген және залал келтіретін өзгерістер нәтижесінде туындаған проблемаларды одан әрі тереңдете түсетін экспортқа арналған лицензиялар беруді тоқтату жолымен ынтымақтасуға келіседі;

Қазақстан Республикасы, олардың жеткізілімдерге деген дәстүрлі қажеттіліктері көзқарасынан сияқты, өңірлік шоғырлануды болдырмау үшін де қоғамдастықтағы шағын өңірлік нарықтардың сезімтал табиғатын назарға алады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Еуропалық Қоғамдастық
арасындағы Болаттан жасалған
белгілі бір бұйымдардың саудасы
жөніндегі келісімге
1-қосымша

S A Ж а й м а л ы қ
илек

SA 1 Орамдар	SA 2 Қалың ж а й м а л ы болат	SA 3 Басқа да жаймалық илек				
		7208 40 00 90 7208 53 90 00 7208 54 00 00 7208 90 00 10	7210 70 80 10 7210 90 30 10 7210 90 40 10 7210 90 80 91 7211 14 00 90			
7208 10 00 00						
7208 25 00 00		7209 15 00 00	7211 19 00 90			
7208 26 00 00	7208 40 00 10				7219 22 90 00	
7208 27 00 00	7208 51 20 10	7209 16 10 00	7211 23 20 10		7219 23 00 00	
7208 36 00 00	7208 51 20 91				7219 24 00 00	
7208 37 00 00	7208 51 20 93	7209 16 90 00	7211 23 30 10		7219 31 00 00	
7208 37 00 00	7208 51 20 97	7209 17 10 00	7211 23 30 91			
7208 38 00 00		7209 17 90 00	7211 23 80 10			
7208 38 00 00	7208 51 20 98	7209 18 10 00	7211 23 80 91		7219 32 10 00	
7208 39 00 00		7209 18 10 00	7211 29 00 10			
7208 39 00 00	7208 51 91 10	7209 18 91 00	7211 90 00 11		7219 32 90 00	
7211 14 00 10		7209 18 99 00	7211 10 10 00			
7211 19 00 10	7208 51 91 90	7209 25 00 00	7212 10 90 11			
7219 11 00 00	7208 51 98 10	7209 26 10 00	7212 10 90 11			
7219 12 10 00	7208 51 98 91	7209 26 90 00	7212 20 00 11		7219 33 10 00	
7219 12 90 00	7208 51 98 99	7209 27 10 00	7212 30 00 11		7219 33 90 10	
7219 13 10 00	7208 52 91 10	7209 27 90 00	7212 40 20 10			
7219 13 90 00	7208 52 91 90	7209 28 10 00	7212 40 20 91		7219 34 10 00	
7219 14 10 00	7208 52 10 00	7209 28 90 00	7212 40 80 11		7219 34 90 10	
7219 14 90 00	7208 52 10 00	7209 90 00 10	7212 50 20 11			
	7208 52 99 00	7210 11 00 10	7212 50 30 11		7219 35 10 00	
7225 30 10 00	7208 53 10 00	7210 12 20 10	7212 50 40 11		7219 35 90 00	
7225 30 30 10	7211 13 00 00	7210 12 80 10	7212 50 61 11			
7225 30 90 00		7210 20 00 10	7212 50 69 11		7225 40 12 90	
7225 40 15 10		7210 30 00 10	7212 50 90 13		7225 40 90 00	
7225 50 20 10		7210 41 00 10				
		7210 49 00 10	7212 60 00 91			
		7212 50 00 10	7219 21 10 00			
		7212 61 00 10	7219 21 90 00			
		7212 69 00 10	7219 22 10 00			
		7212 70 10 10				

Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Еуропалық Қоғамдастық

арасындағы Болаттан жасалған
 белгілі бір бұйымдардың саудасы
 жөніндегі келісімге
 2-қосымша
 С а н д ы қ ш е к т е у л е р
 (тонна)

Б ұ й ы м д а р 2 0 0 7
 S A Ж а й м а л ы қ и л е к
 S A 1 О р а м д а р 1 1 0 0 0 0
 S A 2 Қ а л ы ң ж а й м а л ы 0
 б о л а т
 S A 3 Б а с қ а д а 1 4 0 0 0 0
 жаймалық илек

Экспортқа арналған лицензия

1 Экспорттаушы (а т ы , т о л ы қ мекен-жайы, ел)	ТҮПНҰСҚА	2 No	
	3 Квота жылы		4 Өнімнің тобы
	ЭКСПОРТҚА АРНАЛҒАН ЛИЦЕНЗИЯ (болат өнімі)		
5 А л у ш ы (а т ы , т о л ы қ мекен-жайы, елі)	6 Шыққан елі		7 Жіберілетін елі
8 Тиелген жері және күні - тасымалдау құралы	9 Қосымша деректер		
10 Ораманың маркасы мен нөмірі - саны мен типі - тауарлардың сипаттамасы	11 ҚН бойынша тауар коды	12 Саны ⁽¹⁾	13 Құны ⁽²⁾
14 Құзыретті органның куәлік беруі Мен, төменде қол қоюшы, жоғарыда аталған тауарлар Еуропалық Қоғамдастықта болат өнімінің саудасын реттеу жөніндегі ережелердің негізінде 4-тармақта көрсетілген топқа сәйкес 3-тармақта көрсетілген жыл үшін белгіленген сандық шектеу есебіне жатқызылғанын куәландырамын.			
15 Құзыретті орган (атауы, толық мекен- жайы, елі)	 арналған (Қолы) (Мөр)		

(1) Таза салмағы (кг), сондай-ақ таза салмақ пайдаланылмайтын
 ұйғарымды санат бірлігіндегі сан көрсетіледі.
 (2) Сатуға арналған келісім-шарт валютасында.

Экспортқа арналған лицензия

1 Экспорттаушы (а т ы , т о л ы қ мекен-жайы, елі)	КӨШРМЕ	2 No	
	3 Квота жылы		4 Өнімнің тобы
	ЭКСПОРТҚА АРНАЛҒАН ЛИЦЕНЗИЯ (болат өнімі)		
5 А л у ш ы (а т ы , т о л ы қ мекен-жайы, елі)	6 Шыққан елі		7 Жіберілетін елі
8 Тиелген жері және күні - тасымалдау құралы	9 Қосымша деректер		
10 Ораманың маркасы мен нөмірі - саны мен типі - тауарлардың сипаттамасы	11 ҚН бойынша тауар коды	12 Саны ⁽¹⁾	13 Құны ⁽²⁾
14 Құзыретті органның куәлік беруі Мен, төменде қол қоюшы, жоғарыда аталған тауарлар Еуропалық Қоғамдастықта болат өнімінің саудасын реттеу жөніндегі ережелердің негізінде 4-тармақта көрсетілген топқа сәйкес 3-тармақта көрсетілген жыл үшін белгіленген сандық шектеу есебіне жатқызылғанын куәландырамын.			
15 Құзыретті орган (атауы, толық мекен-жайы, елі)	 арналған (Қолы) (Мөр)		

(1) Таза салмағы (кг), сондай-ақ таза салмақ пайдаланылмайтын ұйғарымды санат бірлігіндегі сан көрсетіледі.

(2) Сатуға арналған келісім-шарт валютасында.

Шығу сертификаты

1 Экспорттаушы (а т ы , т о л ы қ мекен-жайы, елі)	ТҮПНҰСҚА	2 No	
	3 Квота жылы		4 Өнімнің тобы
	ЭКСПОРТҚА АРНАЛҒАН ЛИЦЕНЗИЯ (болат өнімі)		
5 А л у ш ы (а т ы , т о л ы қ мекен-жайы, елі)	6 Шыққан елі		7 Жіберілетін елі
8 Тиелген жері және күні - тасымалдау құралы	9 Қосымша деректер		
10 Ораманың маркасы мен нөмірі - саны	11 ҚН бойынша тауар коды	13 Құны ⁽²⁾	

мен типі - тауарлардың сипаттамасы		12 Саны ⁽¹⁾	
14 Құзыретті органның куәлік беруі Мен, төменде қол қоюшы, жоғарыда аталған тауарлар Еуропалық Қоғамдастықта болат өнімінің саудасын реттеу жөніндегі ережелердің негізінде 6-тармақта көрсетілген елде жасалғанын куәландырамын.			
15 Құзыретті орган (атауы, толық мекен- жайы, елі)	 арналған (Қолы) (Мөр)		

(1) Таза салмағы (кг), сондай-ақ таза салмақ пайдаланылмайтын ұйғарымды санат бірлігіндегі сан көрсетіледі.

(2) Сатуға арналған келісім-шарт валютасында.

ШЫҒУ сертификаты

1 Экспорттаушы (аты, толық мекен-жайы, елі)	КӨШРМЕ		2 No
	3 Квота жылы		4 Өнімнің тобы
	ШЫҒУ СЕРТИФИКАТЫ (болат өнімі)		
5 Алушы (аты, толық мекен-жайы, елі)	6 Шыққан елі		7 Жіберілетін елі
8 Тиелген жері және күні - тасымалдау құралы	9 Қосымша деректер		
10 Ораманың маркасы мен нөмірі - саны мен типі - тауарлардың сипаттамасы	11 ҚН бойынша тауар коды	12 Саны ⁽¹⁾	13 Құны ⁽²⁾
14 Құзыретті органның куәлік беруі Мен, төменде қол қоюшы, жоғарыда аталған тауарлар Еуропалық Қоғамдастықта болат өнімінің саудасын реттеу жөніндегі ережелердің негізінде 6-тармақта көрсетілген елде жасалғанын куәландырамын.			
15 Құзыретті орган (атауы, толық мекен- жайы, елі)	 арналған (Қолы) (Мөр)		

(1) Таза салмағы (кг), сондай-ақ таза салмақ пайдаланылмайтын ұйғарымды санат бірлігіндегі сан көрсетіледі.

(2) Сатуға арналған келісім-шарт валютасында.

РҚАО-ның ескертуі. Бұдан әрі Келісімнің ағылшын тіліндегі мәтіні қоса беріліп отыр.